

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 184 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 наурызда № 7300 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 7 қазандағы № 376 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 07.10.2021 № 376 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 8-3) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 28 ақпандағы № 1340 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6724 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 6 наурызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қызылорда облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.С. Байқадамовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

К. Искаков

Қызылорда облысы әкімдігінің 2020
жылғы 13 наурызы № 184 қаулысымен
бекітілген

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

P/ c	Мамандық атауы	Мамандық коды	Жергілікті бюджет, орындар саны (күндізгі оқу нысаны)		Бір маманды оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (мың теңге)
			9 сынып негізінде	11 сынып негізінде	
1	2	3	4	5	6
0100000 -Білім беру					
1.	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	0101000	50		391,7
2.	Дене тәрбиесі және спорт	0103000	25	20	391,7
3.	Кәсіптік білім беру (салалар бойынша)	0104000		25	391,7
4.	Бастауыш білім беру	0105000	50		391,7
5.	Музыкалық білім беру	0108000	20		391,7
6.	Негізгі орта білім беру	0111000	170		391,7
0300000 - Медицина, фармацевтика					
7.	Емдеу ісі	0301000	25	25	474,3
8.	Медбикелік іс*	0302000	25	175	474,3
9.	Лабораториялық диагностика	0305000	25		474,3
10.	Фармация	0306000		25	474,3
0400000 - Өнер және мәдениет					
11.	Әлеуметтік-мәдени қызметі және халықтық көркемдік шығармашылығы (бейін бойынша)	0403000	20		1270,6
12.	Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)	0404000	46	7	1270,6
13.	Хор дирижеры	0405000	10		1270,6
14.	Ән салу*	0407000	15		1270,6
15.	Хореография өнері	0408000	10		1270,6
0500000 - Қызмет көрсету, экономика және басқару					
16.	Телекоммуникациялық құралдар мен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету (салалар бойынша)	0502000	45		396,7
17.	Шаштараз өнері және сәндік косметика*	0506000	50		396,7
18.	Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру	0507000	20		396,7
19.	Тамақтандыруды ұйымдастыру*	0508000	100	25	396,7

20	Маркетинг (салалар бойынша)	0513000	90		396,7
0700000 - Геология, тау-кен өндірісі және пайдалы қазбаларды өндіру					
21	Пайдалы қазбалар кен орындарын геологиялық түсіру, іздеу және барлау (түрлері бойынша)	0701000	20		396,7
22	Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу	0706000	25		396,7
0900000 - Энергетика					
23	Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)	0901000	45		396,7
24	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	0902000	60		396,7
25	Жылу электрстанцияларының жылу энергетикалық қондырғылары	0906000	65		396,7
26	Жылу-техникалық жабдық және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)	0907000	25	20	396,7
27	Электр және электрмеханикалық жабдықтар (түрлері бойынша)	0910000	20		396,7
1000000-Металлургия және машина жасау					
28	Механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өндірістегі автоматика	1013000	25		396,7
1100000- Көлік (салалар бойынша)					
29	Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша)*	1109000	75		396,7
30	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)*	1114000	45	75	396,7
31	Өндірістегі электрлік-механикалық жабдықтар (түрлері бойынша)*	1115000	100		396,7
32	Тоңазытқыш-компрессорлық машиналар және қондырғылар	1119000	25		396,7
1200000 - Өндіру, құрастыру, пайдалану және жөндеу (салалар бойынша)					
33	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану*	1201000	165		396,7
34	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу*	1211000	120	25	396,7
35	Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі*	1219000	35		396,7
36	Балық өндірісі*	1221000	25		396,7
37	Сүт өнімдерінің өндірісі*	1224000	20		396,7
38	Полиграфия өндірісі*	1227000		20	396,7
1300000 - Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар					
39	Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	1302000		20	396,7

40	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)*	1304000	20		396,7
41	Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша)	1306000	25		396,7
42	Көлік радио электрондық жабдықтарды техникалық пайдалану (көлік түрі бойынша)	1310000	40		396,7
1400000 -Құрылыс және коммуналдық шаруашылық					
43	Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану*	1401000	290	45	396,7
44	Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану (түрлері бойынша)	1402000	50		396,7
45	Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша)*	1403000	45	25	396,7
46	Газбен қамтамасыз ету жабдықтарымен жүйелерін құрастыру және пайдалану*	1405000	20	25	396,7
47	Құрылыс бұйымдары мен құрастырылымдар өндірісі*	1412000	20		396,7
48	Жиһаз өндірісі (түрлері бойынша)*	1414000	25		396,7
1500000- Ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология					
49	Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу*	1501000	25	25	396,7
50	Агрономия	1502000	20		396,7
51	Фермер шаруашылығы (бейін бойынша)*	1504000	75	75	396,7
52	Экология және табиғатты қорғау қызметі (түрлері бойынша)	1509000	20		396,7
53	Зоотехния*	1512000	20		396,7
54	Ветеринария*	1513000	65		396,7
Барлығы:			2451	657	

Ескерту:

* ерекше білім беруді қажет ететін азаматтардың арасынан кадрлар даярлау қарастырылатын мамандық.